



## **Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 маусымдағы N 557 Заңы

Мәскеуде 2003 жылғы 21 ақпанда жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

## **Еуразиялық экономикалық қауымдастық мемлекетаралық кеңес Шешім**

2003 жылғы 21 ақпан                      N 87                      Мәскеу қаласы

## **Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың жобасы туралы**

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекетаралық Кеңесі шешті:

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарт (қоса беріледі) қабылдансын.

ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің мүшелері:

|                                  |                                   |                                |                              |                                   |
|----------------------------------|-----------------------------------|--------------------------------|------------------------------|-----------------------------------|
| Беларусь<br>Республика-<br>сынан | Қазақстан<br>Республика-<br>сынан | Қырғыз<br>Республика-<br>сынан | Ресей<br>Федерация-<br>сынан | Тәжікстан<br>Республика-<br>сынан |
|----------------------------------|-----------------------------------|--------------------------------|------------------------------|-----------------------------------|

Мен, Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Бас хатшысы Рапота Григорий Алексеевич, осы мәтіннің, 2003 жылғы 21 ақпанда Мәскеу қаласында Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенкомен, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен, Қырғыз Республикасының Президенті Асқар Ақаевпен, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен және Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновпен қол қойылған Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың түпнұсқалық және толық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын.

ЕурАзЭҚ-тың Бас хатшысы

Мәскеу қаласы 2003 жылғы 27 ақпан.

Осы мәтін 2003 жылғы 21 ақпанда Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың мемлекеттік тілдегі аудармасы болып табылатынын куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы ҰҚК-і  
Шекара қызметінің  
Инспекция және шекара  
ынтымақтастығы*

*бас басқармасының бастығы*

*Мәтінді аударған Шекара  
ынтымақтастығы бөлімінің офицері*

**Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің  
сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы**

**Шарт**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы,

Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шарттың ережелерін іс жүзінде іске асыру мүдделерін басшылыққа ала отырып,

Тараптардың сыртқы шекараларын күзетудегі тығыз ынтымақтастық қажеттілігін  
т а н и о т ы р ы п ,

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өзара мүдделілікке сүйене отырып,  
мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Шарттың мақсаты үшін "сыртқы шекаралар" деген термин Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы шартқа қатысушылар болып табылмайтын мемлекеттермен Тараптардың мемлекеттік шекараларының телімдерін білдіреді.

**2-бап**

Тараптар сыртқы шекараларда терроризм актілерін, қару-жарақтың және оқ-дәрінің, жарылғыш, улы, есірткі және психотропты заттардың, радиоактивті материалдардың және контрабанданың өзге де заттарының заңсыз тасымалдануының жолын кесу бойынша, сондай-ақ заңсыз көші-қонмен және діни экстремизмнің пайда болуымен күресте ынтымақтастықты жүзеге асырады.

**3-бап**

Тараптар Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің заңнамалық және өзге де нормативтік базаларын үйлестіруге көмек көрсету бойынша шекара ведомстволары қызметінің негіздері туралы хаттамаға (N 1-қосымша) сәйкес шекара мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы және өзге де нормативтік кесімдерді үйлестіру бойынша шаралар қабылдайды.

#### **4-бап**

Тараптардың шекара ведомстволары Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің Шекара мәселелері бойынша өзара ақпараттық іс-қимылы туралы 2001 жылғы 14 қыркүйектегі Келісімге сәйкес сыртқы шекарада қордаланған жағдай туралы, сондай-ақ мемлекеттік шекараны күзетуге байланысты және өзара мүдделерін білдіретін басқа да мәселелер бойынша ақпараттармен алмасады.

Сыртқы шекараларды күзетуге қатысты жеке мәселелер бойынша Тараптардың шекара ведомстволары Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мәселелері бойынша өзара консультациялар жүргізу тәртібі туралы хаттамаға (N 2-қосымша) сәйкес өзара консультациялар жүргізеді.

#### **5-бап**

Шекара ведомстволарының сыртқы шекараларды күзету мүддесінде жедел іздестіру қызметіндегі ынтымақтастықты Тараптар, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мүддесінде жедел іздестіру қызметіндегі Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің шекара ведомстволарының ынтымақтастығы туралы хаттамаға (N 3-қосымша) сәйкес жүзеге асырады.

#### **6-бап**

Тараптардың әрбірі басқа Тараптың шекара ведомствосының әуе кемесіне, сыртқы шекараларды күзетуде олардың мүддесіне пайдалану кезінде, өзінің әуе кеңістігін, әуежайын, аэродромдарын (қону алаңдарын) олардың кімге жататындығына және тағайындалуына қарамастан, сондай-ақ навигациялық, метеорологиялық және өзге де ақпараттарды пайдалануға құқық береді, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттер арасындағы екі жақтылы және көп жақтылы шарттарға сәйкес әуе кемелерінің ұшуын және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді.

#### **7-бап**

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекаралары арқылы өткізу бекеттерінде шекараны күзету аясындағы шекара ведомстволарының ынтымақтастығын Тараптар, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекаралары арқылы өткізу бекеттерінде шекараны күзету аясында шекара ведомстволарының ынтымақтастығы туралы хаттамаға (N 4-қосымша) сәйкес жүзеге асырады.

## **8-бап**

Тараптар шекара ведомстволарын материалдық техникалық қамтамасыз етуге, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын күзетуді материалдық техникалық қамтамасыз ету саласында шекара ведомстволарының ынтымақтастығы туралы хаттамаға (N 5-қосымша) сәйкес Тараптардың мемлекеттік шекараларын күзетуде қолданылатын қару-жарақты, техникаларды өңдеуде, әзірлеуге тапсырыстарды жүзеге асыруда, ендіру мен жөндеуде өзара көмек көрсетеді.

## **9-бап**

Тараптардың шекара ведомстволары екі жақты және көп жақты келісімдерге сәйкес Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің шекара ведомстволары үшін әскери кадрларды, соның ішінде кіші мамандарды даярлауда, қайта даярлауда және біліктілігін арттыруда өзара көмек көрсетеді.

## **10-бап**

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру және қолдану жөніндегі даулы мәселелер өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, оны Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларға қол қою жолымен ресімдейді.

## **11-бап**

Осы Шарт, Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитаридің осыған қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

## **12-бап**

Ол күшіне енгеннен кейін, осы Шарт Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылған басқа мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық.

Қосылатын мемлекет үшін Шарт депозитариге қосылу туралы хабарды берген күнінен бастап күшіне енеді.

### 13-бап

Осы Шарт күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданыста болады. Осы мерзім өткеннен кейін Шарт өздігінен әр кезде де бес жылдық кезеңге ұзартылады.

Әрбір Тарап шығуға дейін алты айдан кешіктірмей бұл туралы депозитариге жазбаша жолмен хабар жіберген соң осы Шарттан шығуға құқығы бар.

2003 жылғы 21 ақпанда Мәскеу қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Шарттың түпнұсқа данасы, Шарттың куәландырылған көшірмесін әрбір қатысушы мемлекетке жіберетін Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

|                     |                     |                     |                    |                     |
|---------------------|---------------------|---------------------|--------------------|---------------------|
| <i>Беларусь</i>     | <i>Қазақстан</i>    | <i>Қырғыз</i>       | <i>Ресей</i>       | <i>Тәжікстан</i>    |
| <i>Республикасы</i> | <i>Республикасы</i> | <i>Республикасы</i> | <i>Федерациясы</i> | <i>Республикасы</i> |
| <i>үшін</i>         | <i>үшін</i>         | <i>үшін</i>         | <i>үшін</i>        | <i>үшін</i>         |
| Еуразиялық          | экономикалық        | қауымдастыққа       |                    |                     |
| мүше                | мемлекеттердің      | сыртқы              | шекараларын        |                     |
| күзетудегі          | ынтымақтастық       | туралы              | шартқа             |                     |

№ 1-қосымша

**Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің заңнамалық және өзге де нормативтік базаларын үйлестіруге көмек көрсету бойынша шекара ведомстволары қызметінің негіздері туралы**

### Хаттама

#### 1-бап

Шекара мәселелері бойынша ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік кесімдерді үйлестірудің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- жасалған халықаралық шарттардың ережелерін, интеграцияның басқару органдарының шекара мәселелері жөніндегі шешімдерін ұлттық заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге заңды түсіндіру арқылы құқықтық қатынастарды реттеудің бірыңғайланған (унификацияланған) тәртібін белгілеу;
- шекара ведомстволарының дамуына, олардың ынтымақтастығын барынша

тереңдетуге және сыртқы шекараларды күзетуді одан әрі жетілдіруге көмектесу;  
- ведомстволық нормативтік базаларды түзету және ұлттық заңнама негізінде Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің шекара мәселелері бойынша өз міндеттерін орындауын қамтамасыз ететін қажетті жағдайлар жасау.

## **2-бап**

Шекара мәселелері бойынша ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді өзара жақындастыруға бағытталған Тараптардың шекара ведомстволарының күш-жігерін координациялау мен келісу, ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитеті жанындағы Шекара мәселелері жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

## **3-бап**

Шекара мәселелеріне қатысты Тараптардың ұлттық заңнамасының нормаларын ЕурАзЭҚ шеңберінде қолданған кезде болуы мүмкін қайшылықтарды жою мен шешу, Тараптардың шекара ведомстволарының өкілетті органдарының (өкілдерінің) консультацияларды жүргізу жолымен жүзеге асырылады, Шекара мәселелері жөніндегі кеңестің Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы сәйкестендіру жөніндегі Үйлестіру Кеңесімен және Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың басқа да құзыретті органдарымен тұрақты және пәндік өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

## **4-бап**

Заңнамалық және өзге де нормативтік базаларды үйлестіру бойынша іс-шараларды әзірлеу, шекара мәселелері бойынша уағдаласушылықтарды іске асыру бойынша ұсыныстарды талдау, қорыту және келісу, сондай-ақ Шекара мәселелері жөніндегі кеңестің мәжілісіне тиісті материалдарды дайындау Кеңестің Хатшысына жүктеледі.

## **5-бап**

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Шартта анықталған жағдайда және тәртіпте күшіне енеді және қолданылады.

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа  
мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын  
күзетудегі ынтымақтастық туралы шартқа

№ 2-қосымша

# **Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мәселелері бойынша өзара консультациялар жүргізу тәртібі туралы**

## **Хаттама**

### **1-бап**

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мәселелері жөнінде консультациялар қажеттілігі бойынша Тараптардың шекара ведомстволарының басшылары немесе мамандар мен консультанттарды тартумен олардың орынбасарлары жүргізеді.

### **2-бап**

Консультациялардың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- шекара құрылымдарының әртүрлі қызмет аяларында шекара ынтымақтастығын іске асыру шаралары бойынша және дамыту іс-шаралары бойынша ұсыныстарды әзірлеу ;

- сыртқы шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйлестіріліп бірлескен іс-шараларды өткізу бойынша ұсыныстарды әзірлеу және дайындау.

### **3-бап**

Консультациялар барысында Тараптардың шекара ведомстволары мемлекеттік шекарадағы жағдай, сондай-ақ әскери, саяси және шекара аудандарында болып жатқан әлеуметтік экономикалық процестер және сыртқы шекараларды күзетуді қамтамасыз ету үшін қабылданатын іс-шаралар туралы бір-біріне хабарлайды.

### **4-бап**

Шұғыл шешімді қабылдауды талап ететін жағдайлар туындаған жағдайда, Тараптардың шекара ведомстволары қысқартылған делегация құрамында консультациялар жүргізеді.

### **5-бап**

Консультация қатысушыларының жалпы келісімімен оларға Тараптардың басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволарының өкілдері қатысуы мүмкін.

## **6-бап**

Күн тәртібі мен консультацияларды жүргізу тәртібі консультацияға қатысушылармен анықталады.

Консультациялар қабылдаушы Тараптың шекара ведомствосы басшысының төрағалық етуімен жүргізіледі, ал ерекше жағдайларда төраға консультацияға қатысушылармен сайлануы мүмкін.

## **7-бап**

Консультацияны жүргізуге байланысты шығындар қабылдаушы Тараптың шекара ведомствосының есебінен жүзеге асырылады.

Консультацияға қатысушылардың келуіне байланысты шығындарды Тараптардың әрбір шекара ведомствосы өз бетінше жүзеге асырады. Консультацияға Тараптардың басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволары өкілдерінің қатысуына байланысты шығындарды, жіберуші Тараптың мүдделі министрліктері мен ведомстволары өз бетінше жүзеге асырады.

Қабылдаушы тарап консультацияға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

## **8-бап**

Үшінші мемлекеттің мүддесіне әсер ететін мәселелерді қараған кезде, осы консультацияларға қатысушылардың барлығының келісімімен олардың өкілдерінің қатысуына рұқсат беріледі.

## **9-бап**

Консультациялардың нәтижелері шекара ведомстволарымен ұсынылатын тиісті қорытынды құжаттармен ресімделеді.

Өзара уағдаласушылықтармен қорытынды құжаттар құпия сипатта болуы мүмкін.

## **10-бап**

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Шартта анықталған жағдайда және тәртіпте күшіне енеді және қолданылады.

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын



**Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше  
мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мүддесінде  
жедел іздестіру қызметіндегі Еуразиялық экономикалық  
қауымдастыққа мүше мемлекеттердің шекара  
ведомстволарының ынтымақтастығы туралы  
Хаттама**

**1-бап**

Сыртқы шекараларды күзету мүддесіндегі жедел іздестіру қызметі Тараптардың заңнамасымен жүзеге асырылады.

Жедел іздестіру қызметі саласындағы ынтымақтастық контрабанданың, есірткі құралдарының, психотропты заттардың, қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, жарылғыш, улы, радиоактивті заттардың және мемлекеттік шекара арқылы тыйым салынған басқа да тауарлар мен заттардың тасымалдануына қарсы күресу, заңсыз көші-қонның алдын алу аясында қолда бар мүмкіндіктерді барынша тиімді және өзара тиімді пайдалану, сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, халықаралық терроризмге, діни экстремизмге қарсы тұру мақсатында ұйымдастырылады және осы Хаттамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

**2-бап**

Тараптардың шекара ведомстволары жедел іздестіру қызметіндегі ынтымақтастықты мына жолдармен жүзеге асырады:

- жедел іздестіру шараларын жүргізу туралы сұрау салуларды орындау;
- сыртқы шекараларда құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша бірлескен немесе келісілген шараларды әзірлеу және қабылдау, оларды жүзеге асыру нәтижелері туралы бір-біріне хабарлау;
- сыртқы шекараларда құқыққа қарсы әрекеттерді жасауды дайындауға қатысушы адамдарды анықтау мен тексеру бойынша шараларды қабылдау;
- жедел іздестіру қызметі жұмыстарында тәжірибе алмасу;
- арнайы қызметтің мүмкіндіктерін пайдаланумен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтармен, террористік және экстремистік ұйымдардың және адамдар топтарының және жеке адамдардың өкілдерімен өзара мүддені білдіретін нақты мәселелер бойынша бірлескен жедел шаралар жоспарларының қосымша жұмыстарын өтеу.

### **3-бап**

Ақпарат алмасу Тараптардың шекара ведомстволары өкілдерінің кездесуі кезінде, сондай-ақ хат жазысу, телефон, факс және байланыстың басқа да түрлерімен жүзеге асырылады.

Әрбір Тарап, басқа Тараптан алынған ақпараттар мен құжаттардың құпия болуын, тиісті түрде есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы баптың ережесі, таратылуы шектелген және Тараптардың заңнамасына сәйкес мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді алмасу тәртібіне қолданылмайды. Осындай мәліметтерді беру Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің Шекара мәселелері бойынша өзара ақпараттық іс-қимылы туралы 2001 жылғы 14 қыркүйектегі Келісімге сәйкес беріледі.

### **4-бап**

Жедел іздестіру шараларын жүргізу туралы сұрау салулар жазбаша нысанда жіберіледі.

Кідірілмейтін жағдайларда сұрау салулар ауызша нысанда жасалады, ауызша берілген сұрау салулар дереу жазбаша белгіленеді.

Сұрау салынған Тарап мүмкіндігінше қысқа уақытта сұрау салған Тарапқа сұраудың нәтижелері туралы хабарлайды.

### **5-бап**

Күнделікті мәселелерді шешу, жүргізілген іс-шараларды келісу, ақпарат алмасу үшін, Тараптардың шекара ведомстволары өкілдерінің жұмыс кездесулері өткізіледі. Кездесулерді жүргізу мерзімі мен күн тәртібіндегі мәселелер жұмыс тәртібінде келісіледі.

Кездесудің нәтижелері қажет болған жағдайда хаттамалармен ресімделеді.

### **6-бап**

Тараптардың шекара ведомстволары өкілдерінің басқа Тараптың аумағына барулары, келісім бойынша қабылдаушы Тараппен жүзеге асырылады.

Жұмыс кездесуіне қатысушылар келуге байланысты шығындарды жіберуші Тараптың шекара ведомствосы өз бетінше жүзеге асырады.

### **7-бап**

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Шартта анықталған жағдайда және тәртіпте күшіне енеді және қолданылады.

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шартқа  
N 4-қосымша

## **Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекаралары арқылы өткізу бекеттерінде шекараны күзету аясында шекара ведомстволарының ынтымақтастығы туралы Хаттама**

### **1-бап**

Сыртқы шекаралар арқылы өткізу бекеттерінде шекараны күзету аясында шекара ведомстволары ынтымақтастығының негізгі мақсаттары болып мыналар:

- сыртқы шекаралардағы өткізу бекеттерінде шекаралық бақылау аясында шекара ынтымақтастығының дамуына бірыңғай жолдарды және көзқарастарды әзірлеу;
- сыртқы шекаралар арқылы өткізу бекеттерінде шекараны күзету мүддесінде үйлестіріліп бірлескен режимді іс-шараларды жүргізу бойынша ұсыныстарды әзірлеу және дайындау болып табылады.

### **2-бап**

Шекара ведомстволары Тараптардың заңнамасына сәйкес сыртқы шекаралардағы өткізу бекеттерінде шекаралық бақылаудың тиімділігін көтеруге келісілген іс-шараларды қабылдайды.

Шекара ведомстволары қажет болған кезде, Тараптардың азаматтарына шекара бақылауын жүзеге асыру үшін өткізу бекеттерінде жекелеген бағыттарды құрады, сондай-ақ Тараптардың азаматтары үшінші мемлекетке шыққан кезде шекара бақылауының рәсімдерін жеңілдету бойынша келісілген күш-жігерді қолданады.

### **3-бап**

Сыртқы шекаралардағы өткізу бекеттерінде шекара бақылауының тиімділігін көтеру мақсатында Тараптардың шекара ведомстволары:  
- жаңа өткізу бекеттерін ашу туралы;

- қордаланған жағдай және оның Тараптардың өткізу бекеттерінде шекара бақылауын жүзеге асыруға әсер ететін халықаралық қатынас жолдарындағы негізгі бағыттарының дамуы туралы;

- заңсыз көші-қонның, қару-жарақтың, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың және контрабанданың басқа да заттар тасымалының жаңа және болуы мүмкін арналары туралы;

- шекарадан өтуге құқық беретін жалған құжаттар белгілерінің анықталуы, көлік құралдарында, жүктерде және адамдардың қол жүктерінде контрабанда заттарын жасыру әдістері, амалдары мен тәсілдері туралы;

- заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерде, сондай-ақ шекарадан өту мен шекара бақылауы мәселелері бойынша Тараптардың қатысуымен жасалған екі жақты және көпжақты халықаралық шарттар туралы;

- Тараптардың азаматтарына шекара бақылауын жүзеге асыру үшін құрылған, шекара арқылы өткізу бекеттерінің жекелеген бағыттары туралы;

- шекара бақылауын жүзеге асыру үшін өзара мүдделерін білдіретін басқа да мәселелер туралы ақпараттармен алмасады.

Ақпарат алмасу, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің Шекара мәселелері бойынша өзара ақпараттық іс-қимылы туралы 2001 жылғы 14 қыркүйектегі Келісімге сәйкес жүргізіледі.

#### **4-бап**

Тараптардың шекара ведомстволары мына мәселелер бойынша:

- шекара бақылауының технологияларын жетілдіру және оптимизациялау;

- шекара бақылауын жүзеге асырған кезде арнайы техникалық құралдар мен қызмет жануарларын тиімді пайдалану;

- өткізу бекеттерінде құқыққа қайшы іс-әрекет мониторингін;

- шекара бақылауы құрамаларының, бөлімдерінің және бөлімшелерінің ұтымды ұйымдық құрылымдарын құру;

- олардың құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша бірлескен іс-шараларды жүзеге асырады.

#### **5-бап**

Шекара ведомстволары терроризм актілерінің, қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, есірткі құралдарының, улы және психотропты заттардың, контрабанданың өзге де заттарының заңсыз тасымалдануын, олардың аумағына (аумағынан) заңсыз кірудің (шығудың), сондай-ақ шекара бақылауының аясында басқа да құқық бұзушылық түрлерінің жолын кесу үшін келісілген шараларды жоспарлайды және жүзеге асырады.

## **6-бап**

Ынтымақтастық осы Хаттамамен көзделген, Тараптардың шекара ведомстволары арасындағы тікелей байланыстар мен уағдаласушылықтар жолдарымен жүзеге асырылады. Осы қызметті үйлестіру ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетіндегі Шекара мәселелері жөніндегі кеңеске жүктеледі.

## **7-бап**

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, Шартта анықталған жағдайда және тәртіпте күшіне енеді және қолданылады.

Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шартқа  
N 5-қосымша

**Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік шекараларын күзетуді материалдық техникалық қамтамасыз ету саласында шекара ведомстволарының ынтымақтастығы туралы**

## **Хаттама**

### **1-бап**

Тараптардың шекара ведомстволарын материалдық техникалық қамтамасыз ету, Тараптардың тиісті материалдық техникалық қамтамасыз ету жүйелерінде өз бетінше жүзеге асырылады.

### **2-бап**

Олардың аумақтарында жүргізілмеген, бірақ басқа Тараптардың аумақтарында жүргізілетін Тараптардың мемлекеттік шекараларын күзетуді материалдық техникалық қамтамасыз ету, Тараптардың заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес Тараптармен жүзеге асырылады.

### **3-бап**

Тараптар шекара әскерлерін материалдық техникалық қамтамасыз етуде, сондай-ақ сыртқы шекараларды күзету кезінде қолданылатын қару-жарақты, техникаларды және

